

Ел жүрегі - елорда шежіресі



АСТАНА АҚШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҰЛТТЫҚ ТАМЫРДАН ҚОЛ ҰЗУ – ҚАУІПТІ

Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ, жазушы:

– Жуырда бір ағамыз өзінің әке-шешесін қалаға көшіріп алып жатқанда қаршадай баласының: «сонда бізде енді ауыл болмай ма?» деп мұңайғанын айтқан еді. Бала болса да, кішкентай бір қазақтың жүрегі әлденеге сыздаған тәрізді... Статистикаға көз жүгіртсек, бүгінде қазақтың жартысынан көбі қалада тұрып жатыр екен. Бұл, расында да, қазақтың болашағына қалай әсер етуі мүмкін?

– Бізде қалаға келуден қорқу бар. Мәселен, мен бала күнімде қалаға келуге қорқатынмын. Неге десеңіз, көшпенді тіршілікті өзіміз көрмесек те, оның психологиясы жадымызға жазылған. Дала мінезімен рухтанып, көшпелі өмір салтымен санамызды түзеген халықпыз. Сол себепті, қалаға келсек, тар жерде қамалып, еркіндігімізден айырылып қалатындай үрейіміз ұшады. Осындайда Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасындағы» Бақтығұлдың бейнесі ойыма орала береді. Еркіндікке, кеңдікке үйренген Бақтығұл түрмеден қатты қорқады емес пе? Қазақтың қалаға келуден сескенуі соған ұқсайды. Даладан, кеңдіктен келген қазақ үшін тар үйге, қаланың қалыпты тіршілігіне сіңіп кету түрмеден кем болмаған тәрізді.

Бірақ, тіршілік болған соң, көндігуге тура келеді.

«Соғыс және бейбітшілікті» оқыған болсаңыз, француздар келген кезде армян ұлтының өкілі суреттелетін жері бар. Қоныс аудару кезінде қандай күй кешкені бейнеленеді. Қазақ, әрине, ондай үлкен мегаполиске келе алмаған. Үлкен шығармаларға кейіпкер болып ене қоймағаны да сондықтан. Және оған біздің халқымыз бас қатырмаған да.

Ал қазақтың қалалануы ұзақ процеске созылған.

– Қазақ елінің қалалана бастауына жобамен қанша жыл болды?

– Менің пайымым бойынша, кем дегенде 150 жыл болды.

– Сонда сіз де қазақта орысқа бодан болғанға дейін қала болғанын жоққа шығарасыз ба? Шаһар мәдениетін орыстар үйретті дегенге мойынсұнасыз ба?

– Жоқ! Мен қазіргідей еуропалық үлгідегі қалалар жөнінде айтып отырмын. Әйтпесе, қазақтың өзіндік қала мәдениеті, тарихи қалалары аз болмаған. Жалпы, мен былай ойлаймын. Отырықшылық пен көшпенді өмір салтын қазақ бұрыннан табиғи үйлесімділікпен сақтаған. Тарихқа зер салсаңыз, көбіне малы көп, бай, дәулетті адамдар тіршілікке қолайлы жерге маусым сайын көшіп-қонып, жатақ ұғымы әлеуметтік тұрғыдан қор сезінудің көрінісі болған. Бала кезімізде бізге қыстау мен жайлауға көшу артықшылық болып көрінетін. Жатақ біз үшін шынымен де кедей-кепшіктің, жоқ-жітіктің өмір салтына баланған еді. Ал бұл негізінде қазақтың отырықшылыққа ұмтылысы болатын. Өз тағдырын өзі шешу тұрғысындағы бастапқы қадамы. Қазақ дамуының эволюциялық жолы осы еді. Егін егу мен мал бағудың шартын өз бетінше жасай бастап еді. Қазіргі ауылдың көрінісін қалай елестету керектігін әлеуметтанушылар мен тарихшылар әлі де зерттей түсу керек сияқты.

– Ал сіз осы мәселені қауіпті «Жаңғырық» атты роман жаздыңыз. Жалпы осы тақырыпқа баруға не итермеледі?

– Мені итермелеген – ұлттың болашағына деген алаң. Неге десеңіз, қалаға келген қазақтың ұлттық тамыры үзіліп жатыр. Тарихын да, әдебиетін де білмейтін ұрпақтың толқын-толқыны лек-легімен келіп, қазақтың рухани тағдыры бүгінгідей тығырыққа тіреле бастады. Міне, соның көркем бейнесінің түп-төркінін іздеу – басты мәселе. Байқасаңыз, қалаға елу-алпыс жыл бұрын келген ұрпақ ұлттық ерекшелігін мүлдем сақтамайтынды шығарды.

– Сонда қазір біз үшін ауылдан қол ұзу қауіпті болып отыр ма?

– Ауылдан қол ұзу емес, ұлттық тамырдан қол ұзу – қауіпті. Ал шын мәнінде қазір әлі күнге қалаға келу – ауылдан қол ұзуге, ал ауылдан қол ұзу – ұлттық тамырдан қол ұзуге әкеп соқтырып отыр.

– Қазір қазақ – тәуелсіз халық. Еркі өзінде. Бір қызығы, тәуелсіздік алған жылдары, қиыншылық кездері тарихи отандарына кетіп қалған өзге ұлт өкілдерінің көбі қайтып оралып жатыр. Бірақ, бәрібір Қазақстанда халықтың 70 пайызы қазір – қазақтар. Қала халқының да көбі қазақ екені даусыз. Енді осындай жағдайда әлгі ұлттық тамырдан қол үзген қазақтар өз-өзіне қайтіп оралуы мүмкін?

– Рас, қазір қалада тұратын, ауылдан қол үзген қазақтардың көбі өзінің ұлттық ерекшелігін сақтап отырған жоқ. Түрі қазақ болғанымен де, олардың психологиясы, тілі, пиғылы өзге, ниеті қазаққа бұрмайды. Кейбіреулер, тіпті, қазақтың ұлттық мәселесі көтерілсе, ашулана бастайды. Бұл тақырыпта сөз қозғағысы келмейді. Ұлт туралы әңгімені жек көреді. Ал осындай ұлттық дәстүрін сақтамайтын, тілін білмейтіндердің арасында Құдай санасына беріп, қазақтың болашағына бір адамдай жаны ашитын, өз ұлтын сүйетін азаматтар да аз емес. Кейде осындайларға сәби секілді аялап қарауымыз керек шығар деп ойлаймын. Өйткені, олар өмірге бейім. Және келесілерге дәл осылар тікелей ықпал ете алуы да мүмкін.

– Жаңа өзіңіз әр қазаққа қалаға келгенде қорқу болатынын айтып қалдыңыз. Шынында, шетелдіктер бізге келсе, көшеде емін-еркін жүреді. Ал біздікілер шетелге бармақ түгілі, туған Отанындағы қалада да өзгенің үйіне кіріп кеткен адамша қысылып жүреді. Осы өзіңіз айтқан қорқу неден?

– Мұның бәрі табиғатқа жақындықтың әсері, тау мен даладан жүрген қазақ қалаға келгенде бір күн де шыдамайтынын көзіміз көрді. Жаратылысқа жақын жандар қатал сынға төзімді, ыстық пен суыққа төтеп береді. Ат үстінде өмірін өткізген олар қаланың тар кеңістігін ешқашан місе тұтпайды. Мұның бейнесін қазақ қалмагерлері тәуір-ақ сомдаған. Бір нәрсе анық: қазақтың қалаға келу үдерісі көрсетілді. Бірақ әлденеше ұрпақ ауысқан кездегі ұлттық құнардан ажырау себептерінің образы толық жасалмаған сияқтанады.

– Ал қазір қалаларымызды, ірі қалаларымызды әлі күнге қазақтың жатсына беруіне осы әкімшілік аумақтардың көне шығыстық нақыштан гөрі батыстық, өзіңіз айтпақшы, еуропалық үлгіде салынуы, одан кейін басқарушы билік қазақшылығының төмен болуы себеп болып отырған жоқ па?

– Бұл мәселені негізінде тереңдеп зерттеу керек. Әлеуметтік қырынан талдаған жөн.

Өйтпесе, Отырар, Тараз, Сығанақ секілді қазақтың өзіне тән, шығыстық үлгідегі тарихи қалалары бұрын да болғаны анық қой. Қазіргі қалалар олармен рухани ықпалдастықта, рухани жақындықта бола алмай отыр. Сол себепті де, ірі қалаларымыздағы көптеген үйлер – «өлі үйлер». Сыртынан қарасаң, тіршіліктің белгісі жоқ қыдыған бірдеңелер. Өзіміздің ұлттық ұғымдарға сәйкес, көне шығыстық үлгіге жақын, жанға жылы ғимараттар өте аз. Кезінде Санкт-Петербургті Гоголь қалай сынаса, сол әңгімені өзімізге қарата да айтуға болатын сияқты... Бұл тұрғыда, меніңше, бізге әлі де көп ізденіп, ұлттық сәулет өнерін қалыптастыру қажет сияқты. Негізінде қазақтың өзінің қалалануға ұмтылысы болған. Мәселен, қазақ ауылдарын орыстар келіп салып берген жоқ. Өзінің талғамына сай шатыры биік, кең, көпбөлмелі үйлерін салып алып, ауылды стихиялы түрде жасады. Қазір біртін-біртін сол ауылдарымыз дамып, онда үлкен-үлкен екі қабатты коттеждер салынып жатыр. Ол да шын мәнінде дүниежүзілік талапқа сай келеді. Бірақ, бұған қазақ өзінің ішкі қажеттілігінен барып отыр. Дәл осы орайда қала мен ауылдың арасындағы айырмашылық жойылып бара жатыр деуге болады. Мұндай үрдіс Орта Азия бойынша Қазақстанда ғана орын алған. Қазір, расында да, байқап қарасаңыз, Алматы мен Астананың маңайындағы 100 шақырымға дейінгі жерде орналасқан ауылдардың бәрі соңғы заманғы сәулет талабына сай зәулім үйлер мен әдемі үлгідегі ғимараттарға толы. Басқа қалалардың маңы да солай. Тіпті, кішігірім қалаларымыз да. Бұл жағынан қазақ халқы дамып келе жатыр деуге болады. Және бұл ешкімнің де нұсқауымен емес, өз шешімімен, өз ұмтылысымен жүзеге асып отыр.

– Демек, сіздіңше, қазақтың қалаға үдере көшуі орынды ма?

– Қоғамда көпшілік үшін қастерлі бір ортақ ұғымдар болады. Мәселен, Түркістанға көбі рухани күш іздеп барады. Бұрынғы астаналарымыз Қызылорда, Алматыға да сондай бір сезіммен келеді. Сол секілді, әрбір адам қалаға әртүрлі қажеттілікпен барады. Күнкөрісіне, тіршілігіне қолайлы жер іздейді. Ал қаланың адамды үлкен ортаға бейімдейтіндігін, ұлттық менталитетімізде бар, қанымызға сіңген ұяндықтан арылуымызға ықпал ететіндігін айтар болсақ, бұл жағынан қазақтың қалалануы ұлт болашағы үшін тиімді.

– Біз ауылға барған сайын ата-енеміз: «қаланың аш-жалаңаштары келді» деп қарсы алады. Күліп айтады, бірақ бәрібір ар жағында бір шындық жатқаны анық. Неге десеніз, қалада жұмыс істеп қаржы табуға болады, дегенмен де, күнкөріс қиын. Пәтер жалдайтынынды былай қойғанда, қымбатшылық тағы бар. Осы орайда сұрақ туады: халқымыздың көбі қалаға көшіп кете беретін болса, онда қазақ етті қайдан алады?

– Мен бұрын «қалаға көшсек, ет, сүт таппай аш қалатындай қорқамыз, не деген сорлы халықпыз!» деп ойлайтынмын. Сөйтсек, бұның орны бар екен. Қазір дәл осы мәселе бүкіләлемдік деңгейде үлкен проблемаға айналды. Табиғи өнім, барлық адамға жететін азық-түлік, тамақ табу мәселесі қиындап барады.

Осыны сезгендіктен де шығар, шын мәнінде қазір бізде ауылға қызығатындар көп. Қазақтың көпшілігі бүгінге дейін күнкөріс үшін қалаға қарай ағылса да, қазір керісінше, мал өсіріп, егін салу үшін ауылға кетуге ниеттенгендер көп. Бұған мемлекеттік деңгейде бағдарламалар қабылданып, ауыл шаруашылығына басымдық берілуі де ықпал етіп отырған ұқсайды.

Байқасаңыз, көпшілік азаматтардың қазір қалада үйі бар. Сонымен бірге далада да үйі бар. Соңғы жылдары әр азамат осылай өз мәселесін шешуге, ауыл мен қала өмірін үйлестіруге көшкен. Бұл да ешқандай басшылықтың бұйрығынсыз, өздігімен шешіліп отыр.

– Жаңа «Жаңғырық» атты романыңызды жайдан-жай айтып өткенім жоқ. Сіз қазақтың қалаға қоныс аудару мәселесін көтеруде тыңнан түрен салуға тырысқан жазушысыз. Бірақ, әлі де осы тақырыпты індетіп жүрген көрінесіз. Көркем әдебиетке осы бағытта жаңа дүниелер әкелу ойыңызда бар ма?

– Дмитрий Поцелуевтың «Бұрынғы Алматыда» деген романы бар. Ол өзі аса сәтті шығарма емес. Дегенмен, сонда қазақтың Алматыға келуін, үлкен қалаға шоғырлануын психологиялық жағынан аздап бейнелеген тұстар бар.

Ал «Жаңғырық» кейінірек дүниеге келді. Мен негізі бұл шығарманың атын «Қала мен дала» деп қойғым келген. Бірақ, кітап жарыққа шығып болмай жатып, осындай атпен газет шығып кетті де, тақырыпты өзгертуге тура келді.

Негізі қала мен даланың әйтеуір бір үйлесетін жері болуы – заңды. Сондықтан, мен бұл шығармада маргиналдық құбылысқа мән беруге тырыстым. Біраз зерттеп, зерделей келе байқағаным, маргиналдық құбылысқа әйелдер қауымы бастап барады екен. Неге десеніз, әйелдер көрсеқызар келеді. Жаңашылдыққа, жаңа нәрселерге құмартып, ұмтылумен болады. Сөйтіп, ақыры ұлттық құндылықтарын, ұлттық ерекшеліктерін қалай тәрк еткенін өзі де байқамай қалады. Ал әйелдердің ықпалына еріп, артынан бүкіл қоғам ұлттық болмысынан ажырай бастайды.

Әйелдер ықпалды келеді. Ол туған баласын өзі секілді тәрбиелейді. Жалпы, бейімделу, ортаға бейімделу – жақсы қасиет. Бірақ, тамырсыздыққа салынбау керек. Бейімделем деп, бүкіл өз болмысыңды тәрк етуден сақтану керек. Өзгенің ыңғайына жығыла беру де – жақсы қасиет емес.

Әңгімелескен
Нәзира БАЙЫРБЕК